

Назира ДУЗБАЕВА, биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көшесі, 9, dmnazira@mail.ru, +77058286566

Айгерим ЖУЗБАЕВА, жоғары санаттағы тәрбиеші, "Құлыншақ" балалар үйі, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Бұқар Жырау 61а, +77765257801

"ҚҰЛЫНШАҚ" БАЛАЛАР ҮЙІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ

Аталмыш мақала балалар үйі жағдайындағы тәрбиеленіп жатқан балалардың экологиялық тәрбиесі мен экологиялық мәдениетінің қалыптасуы деңгейін анықтау. Н.Б. Вершининаның әдістемесі жоба мақсатына қарай бейімделді. Балалардың даму динамикасы оқу жылының басымен салыстырғанда жыл соңында айтарлықтай жоғарылаған.

Түйінді сөздер: мектепалды балалар, балалар үйі, табиғат, экологиялық тәрбие, экологиялық білімдер, деңгей, әдістеме.

Назира ДУЗБАЕВА, кандидат биологических наук, доцент, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул. Академическая, 9, dmnazira@mail.ru, +77058286566

Айгерим ЖУЗБАЕВА, воспитатель высшей категории, детский дом "Құлыншақ", Республика Казахстан, г.Караганда, ул. Бухар Жырау 61а, +77765257801

ОЦЕНКА ФОРМИРОВАНИЯ УРОВНЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ У ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ ДЕТСКОГО ДОМА "ҚҰЛЫНШАҚ"

Данная статья рассматривает определения уровня формирования экологического воспитания и экологической культуры у детей, воспитывающихся в детском доме. Методика Н.Б. Вершининой была адаптирована к цели проекта. Развитие динамики у детей с началом учебного года по сравнению концом года существенно повысилась.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, детский дом, природа, экологическое воспитание, экологические знания, уровень, методика.

Nazira DUZBAEVA, Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya, 9, dmnazira@mail.ru, +77058286566

Aigerim ZHUZBAEVA, Teacher of the highest category, orphanage "Kulynshak", Republic of Kazakhstan, Karaganda, Bukhar Zhyrau 61a, +77765257801

ESTIMATION OF THE FORMATION OF THE LEVEL OF ECOLOGICAL EDUCATION CHILDREN UNDER THE CONDITIONS OF CHILDREN'S HOUSE "KULYNSHAK"

This article examines the definition of the level of formation of ecological education and ecological culture in children, brought up in the orphanage. Methodology of N.B. Vershinina was adapted to the project's goal. The development dynamics in children with the beginning of the academic year compared with the end of the year increased significantly.

Keywords: children of preschool age, children's home, nature, ecological education, ecological knowledge, level, methodology.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында экологиялық білім беру мәселесінің өзектілігі күннен күнге артып келеді. Экологиялық тәрбие мен экологиялық мәдениеттің қалыптасуы жалпы қоғам дамуына, ондағы әлеуметтік топтардың, жеке тұлғаның санасында айрықша орын алуы азаматтық қоғам қалыптастыруға ерекше үлес қосады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға, атап айтқанда балалар үйі жағдайындағы тәрбиеленіп жатқан тәрбиеленушілерге қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын таныстыру арқылы олардың бір-

бірімен байланысын түсіндіру барысында алғашқы табиғат туралы ұғым негіздері қаланады. Балалардың мұндай табиғат жайында алған қарапайым дүниетанымдық ұғымдары, олардың бастауыш сыныпта дүниетанымды оқыту барысында және жоғарғы сыныптарда биологиялық пәндер бойынша берілетін білім жүйесінің алғашқы баспалдығы болмақ.

Ғалымдар табиғат туралы қарапайым білім беру барысында баланың дүниетанымын қалыптастырып, ақыл-ойын, тілін дамытуға болады дей отырып, осы

мәселені тереңдей зерттеген. Оған дәлел, мектеп жасына дейінгі педагогикаға көз жіберетін болсақ, бұл мәселе қай кезеңде өмір сүрген педагогтар болмасын, олардың тәлім-тәрбиелік ілімдерінің негізі осы қоршаған орта туралы болғандығын көрсетеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің ең өзекті мәселесі ол ата-бабадан қалған асыл мұра мен табиғатқа деген жанашырлықты тәрбиелеу болып табылады. Бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі мектепке дейінгі тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады.

Жас жеткіншектерді тәрбиелеу жұмысының негізі ең алдымен мектепке дейінгі ұйымдарда қаланатыны белгілі. Сондықтан осы шақта олардың табиғатқа, қоршаған адамдарға және өздеріне жағымды қатынастары қалыптасады. Бүгінгі жас ұрпақ болашағының ірге тасының берік қалануы үшін мектеп алды ұйымдарда білім мен тәрбиені дұрыс қалыптастыру біздің міндетіміз.

Балалар үйі жағдайындағы балаларға туған өлкенің табиғатымен таныстыру барысында "Табиғат-бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені" екендігі жөнінде нақты түсініктер берілді. Сондықтан да кейінгі жылдарда мектепке дейінгі жастағы балалардың тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру экологиялық тәрбие жұмысымен ұштастырылып келеді.

Балаларды туған табиғатқа тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға тәрбиелеуді әңгімелесу, бақылау, сұрақ-жауап, зерттеу арқылы бала санасына жеткізіледі. Халық ауыз әдебиеті, ертегі аңыздарды оқып түсіндіріп соны іс-жүзінде ойнатып, тірі табиғат объектілеріне қызығушылығын ояту және бақылау дағдыларын қалыптастыру жұмыстары үнемі жүргізіледі. Адам мен табиғаттың бірлігі туралы білім тәрбиеленушілердің табиғатты танып білуге және оның тылсым-тынысын өзіндік ерекшеліктерін түсінуге баулиды. Табиғатты қорғау - болашақты қорғау. Танымдық тәрбиеге негізделе отырып, ең алдымен баланың өмір сүретін ортасында оның қалыптасуы мен дамуы - біз үшін бұл балалар үйіндегі балалардың рухани мәдениеті, яғни сол ортаның рухани мәдениеті болып табылады. Балалар үйіндегі рух, бұл педагогтардың рухы - бұл адамдар баланың қоршаған жақын ортасын құрайды - баланың ішкі дүниесін қалыптастыруда анықтаушысы болып табылады. Алайда табыстың негізгі құраушысы балаларға деген шынайы сүйіспеншілік: талап етуші және мейірімді, тұрақты және қамқоршы, оқытушы және көмектесуші сүйіспеншілік болып келеді. Жәйдан-жәй айтпайды, тәрбиелеуде ұсақ-түйек болмайды. Бірлескен іс-әрекеттің әрбір айтылған сөзінде, әрбір сәтінде мағыналық жүктеме бар. Тәрбие - дегеніміз педагог пен тәрбиеленуші тұлғалардың бір-біріне өзара әсерлері. Экологиялық білімнің тиімділігі жүйелілік

тәсілге негізделіп үздіксіз жүзеге асырылғанда ғана артып табысқа жетеді. Үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құрудың мақсаты-ғылыми және тәжірибелік білімнің бірлігі негізінде балалардың экологиялық көзқарасын қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын құндылықты, мінез-құлықты, іс-әрекетті қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскенде экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. Бұл проблемалар президент Н.Ә.Назарбаев ұсынған "2050-Стратегиясы" бағдарламасында басты орында тұр. "Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік концепциясына", "ҚР жоғары білім беру туралы" заңдарына (3 бап) негізделе отырып, экологиялық білім мен тәрбие беруді дамытудың ұлттық стратегиясы жасалды.

Қазір Қазақстан Республикасының экологиялық саясаты мен экологиялық дамуындағы негізгі құжаттар - "Тұрақты даму үшін қоршаған ортаны қорғаудың ұлттық жұмыс жоспары", "XXI ғасырдың ұлттық күн тәртібі" әзірленді.

Психикалық дамуы тежелген мектепалды балаларды туған өлкесі арқылы қоршаған табиғи ортасын ұғына алатын, жақсы көретін, және оған ұқыпты қарайтын, адамгершілігі бар, әлеуметтік белсенді, шығармашылық қабілеті дамыған жеке адамды қалыптастыру.

Мектепалды балалардың экологиялық тәрбиесінің диагностикасын жүргізу үшін "Комплексная диагностика усвоения программы" атты Н.Б. Вершининаның әдістемесіне жүгініп өткізілді. Аталған әдістеме жоба мақсатына қарай бейімделді.

Бұл әдістеме бойынша экологиялық тәрбиенің қалыптасу деңгейін анықтау үшін 6 бағытта балалардың білімдерін тексеру жүргізілді:

- Табиғаттағы экологиялық байланыстарды түсіндіру қабілеті (1);
- Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді күте алу қабілеті (2);
- Ауа, су, Жер туралы және ондағы тіршілік туралы білімдері (3);
- Егістік, бақ, шалғын, орман өсімдіктері туралы білімдері (4);
- Жабайы және үй жануарлары, құстар туралы білімдері (5);
- Туған өлке табиғаты туралы білімдері (6).

Әрбір бағыт бойынша диагностикалық тапсырмалар өткізілді. Оларға сұрақтар, ойын түріндегі жаттығулар мен тапсырмалар берілді. Тәжірибе барысында тексерілген балалардың жауап бергендеріне қарай ұпай берілді. Диагностика оқу жылының басында және оқу жылының соңында өткізілді. Әрбір бөлімнің сандарын қосып, содан кейін орташа ұпай саны келесідей бағалау критерийі арқылы есептеліп шығарылды:

1 ұпай - бала диагностикалық тапсырманы орындай алмай, тек кейбір тапсырмаларды орындауда қиналып, көп қате жіберіп, берген жауабын негіздей алмағандар;

2 ұпай - бала диагностикалық тапсырманы орындауда қиналып, орындау барысында тәрбиешінің қосымша нұсқауы қажет болды және

жауапты толық бермей, қосымша тапсырмаға жауап беруге қиналғандар;

3 ұпай - бала қатесіз және дұрыс диагностикалық тапсырманы орындағандар.

Экологиялық тәрбиенің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында зерттеу тәжірибесіне Құлыншак

балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан Ақбота тобындағы 5-6 жастағы 11 бала алынды, оның 6 ұл және 5 қыз болды. балалармен жоба бойынша оқу жылы бойы экологиялық білімдерді беру бойынша жұмыстар жүргізілді. Тәжірибеде алынған нәтижелер 1-ші кестеде берілген.

1 кесте - Ақбота тобындағы балалардың экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейінің диагностикасы

№	Баланың аты - жөні	Алынған экологиялық білімдердің мен дағдыларының түрлері												Жалпы ұпай саны	
		Экологиялық байланыстарды түсіндіру қабілеті (1)		Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім қабілеті (2)		Ауа, су, Жер туралы білімдері (3)		Егістік, бақ, шалғын, орман туралы білімдері (4)		Жабайы және үй жануарлары, құстар туралы білімдері (5)		Туған өлке табиғаты туралы білімдері (6)			
		ж/б	ж/с	ж/б	ж/с	ж/б	ж/с	ж/б	ж/с	ж/б	ж/с	ж/б	ж/с		
1	Аккер Мария	1	1	1	2	1	1	1	1	1	1	1	1	6	7
2	Аубакиров Расул	2	3	2	3	2	3	2	2	2	3	2	3	12	17
3	Андрюшко в Женя	2	3	2	3	2	3	2	2	2	3	2	3	12	17
4	Баумен Кристина	2	-	2	-	2	-	1	-	2	-	2	-	11	-
5	Бондаренко Ионелла	1	2	2	3	1	2	1	2	2	3	1	2	8	14
6	Белов Кирилл	1	2	2	3	1	2	2	2	2	3	2	3	10	15
7	Клошев Тимур	2	3	2	3	2	2	1	2	2	3	2	3	11	16
8	Смирнов Дима	2	3	2	3	2	2	1	2	2	3	2	3	11	16
9	Сыздықов Алихан	2	3	2	3	2	3	1	3	2	3	2	3	11	18
10	Силокова Карина	2	3	1	3	2	3	1	2	2	3	2	3	10	17
11	Резвякова Анжелика	1	2	2	3	1	2	1	2	2	3	1	2	8	14
Нәтижені статистикалық талдау		т/д-45% о/д-55%	т/д-10% о/д-30% ж/д-60%	т/д-19% о/д-81%	о/д-10% ж/д-90%	т/д-45% о/д-55%	т/д-10% о/д-50% ж/д-40%	т/д-73% о/д-27%	т/д-10% о/д-80% ж/д-10%	т/д-9% о/д-91%	т/д-10% ж/д-90%	т/д-27% о/д-73%	т/д-10% о/д-20% ж/д-70%	т/д-27% о/д-73%	т/д-10% о/д-20% ж/д-70%
Ескерту: Н.Б. Вершининаның әдістемесі бойынша авторлармен құрастырылған; ж/б – жыл басы; ж/с – жыл соңы; т/д – төмен деңгей; о/д – орташа деңгей; ж/д – жоғары деңгей.															


1-ші кестеге сәйкес талдауда, Ақбота тобындағы балалардың экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін диагностикасы Н.Б. Вершининаның әдістемесіндегі 6 көрсеткіш бойынша табиғаттағы экологиялық байланыстарды түсіндіру қабілеті оқу жылының басында төмен деңгейі 4 балада (45%), 5 балада орташа деңгейі (55%) анықталды. Ал жыл соңында бұл көрсеткіш бойынша тек 1 балада (10%), 3 балада орташа деңгей (30%) және 6 балада жоғары деңгей (60%) байқалды. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге балалардың күтім жасау қабілеттері жыл басымен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылаған, яғни жыл басында төмен деңгей 2 балада (19%) және 9 балада орташа деңгей (81%) анықталса, ал жыл соңында бұл көрсеткіштің орташа деңгейі (10%) 1 балада және 9 балада жоғары деңгейі (90%) байқалды.

Ауа, су, Жер туралы туралы білімдері жыл басында 4 балада (45%) төмен деңгейді және (55%) көрсетсе, ал жыл соңында 1 балада (10%) төмен деңгейді, 5 балада

(50%) орташа деңгейді, 4 балада жоғары деңгейді (40%) көрсетті. Егістік, бақ, шалғын, орман туралы білімдері бойынша жыл басында 3 балада (27%) төмен деңгейді, 8 балада орташа деңгейді (73%) көрсетсе, ал жыл соңында 1 балада (10%) төмен деңгейді, 8 балада (80%) орташа деңгейді және 1 балада жоғары деңгейді (10%) көрсетті. Жабайы және үй жануарлары, құстар туралы білімдері бойынша жыл басында 1 балада (9%) төмен деңгейді, 10 балада орташа деңгейді (91%) көрсетсе, ал жыл соңында 1 балада (10%) төмен деңгейді, 9 балада (90%) жоғары деңгейді көрсетті. Туған өлке табиғаты туралы білімдері бойынша жыл басында 3 балада (27%) төмен деңгейді, 8 балада орташа деңгейді (73%) көрсетсе, ал жыл соңында 1 балада (10%) төмен деңгейі, 2 балада (20%) орташа деңгейі және 7 балада жоғары деңгейі (70%) анықталды. Диагностикалық тапсырмалар өткізіліп болғаннан кейін, әр бағыттағы ұпайлар қосылып, әрбір баланың жыл басындағы және жыл соңындағы экологиялық тәрбиесінің қалыптасу деңгейі

келесі бағалау шкаласы бойынша анықталды: Төмен деңгей (Т/д) - бала бағдарламаны нашар қамтыды, диагностикалық тапсырма бойынша 6-8 ұпай жинады. Орташа деңгей (О/д) - бала бағдарламаны жақсы

қамтыды, диагностикалық тапсырма бойынша 9-14 ұпай жинады. Жоғары деңгей (Ж/д) -- бала бағдарламаны түгел қамтыды, диагностикалық тапсырма бойынша 15-18 ұпай жинады.




1 сурет - Ақбота тобындағы балалардың экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейінің оқу жылы бойындағы динамикасы

1-ші суретте көрсетілгендей, Ақбота тобындағы балалардың экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейінің оқу жылы бойындағы динамикасы оқу жылының басымен салыстырғанда жыл соңында айтарлықтай жоғарылады.

Мектепалды балалардың 6 көрсеткіш бойынша экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейін талдауда оқу жылының басындағы жүргізген

диагностика нәтижесі 27% төмен деңгейді және 73% орташа деңгейді көрсетті. Жыл соңындағы алынған нәтижелермен салыстырғанда 10% төмен деңгейді, 20% орташа деңгейді және 70% жоғары деңгейді өзгерген (2 сурет). Мұндай нәтижелер балаларда үздіксіз, жүйелі түрде сабақ кезінде жобаладағы жоспарланған экологиялық білімдерді беру негізінде қол жеткізілді.



2 сурет - Ақбота тобындағы балалардың экологиялық білімдерінің қалыптасу деңгейінің оқу жылы басындағы және жыл соңындағы даму динамикасы

Сонымен, Құлыншақ" балалар үйі жағдайындағы балалардың экологиялық тәрбиесінің қалыптасу деңгейін Н.Б. Вершининаның әдістемесімен бағалау даму динамикасын берді. Мұндай нәтижеге қол жеткізу балалар тобында өткізілген жобаның тиімділігімен анықталады. Атап айтсақ, яғни педагогикалық үрдістерді ұйымдастырудың (ыңғайлы үлгілерді, әдістерді және тәсілдерді таңдау, ұсынылған белсенді ұйымдастырушы үлгілерді таңдаудың мақсатқа сәйкестілігі, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі) тиімді тәсілдері қарастырылған.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін жоғарылату, рухани-адамгершілік және танымдық қабілеттерін дамыту арқылы педагогикалық жобаларды ұйымдастыру психикалық дамуы тежелген мектепалды балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша білімдері мен түсініктерінің қалыптасу деңгейін және экологиялық мәдениеті деңгейін жоғарылатып, балалардың танымдық

қызығушылықтары мен экологиялық мәдениетін дамытты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмыстарына арналған көмекші құрал. Техникалық байланыстар жөніндегі Германия қоғамы.-Алматы, 2004.- 151 б.
2. Вершинина Н.Б. "Комплексная диагностика усвоения программы" // Дефектология.-№1.-2009.- С. 25-28.
3. Программа обучения и воспитания в детском саду / под ред. М.А. Васильева, В.В. Гербова- М., 2000.- 45с.
4. Табиғатты бағала да аяла / Баланы мектепке дайындау сыныбы мен топтарында экологиялық тәрбие беруге арналған көмекші құрал.- Алматы: "Зерде" баспасы, 2001. 72-б
5. Айнала қоршаған орта. Экология. Әдістемелік нұсқау. Алматы: Алматы кітап, 2003. -55б.